



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Валюта нарығы туралы ақпараттық хабарлама

Астана қ.

2025 жыл, 2 маусым

Мамыр айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 510,82 теңгеге дейін 0,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 246 миллионнан 238 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,5 млрд АҚШ доллары болды.

Мамырда Ұлттық қордан 988 млн АҚШ долларына валюта сатылды. Бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 22%-ын немесе күніне шамамен 52 млн АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке трансферт бөлуге арналған Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша маусымда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 700 миллионнан 800 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Мамырда «айналау» операциясы аясында 213 млрд теңге алынды. Маусым ішінде осы мақсатта 213 млрд теңгеге баламалы мөлшерде валюта сатылады деп күтілуде.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу, сондай-ақ «айналау» тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтық бейтарап қағидатын сақтайды. Бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк мамырда валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша, валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сату көлемі шамамен 356 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк мамырда биржадағы сауда-саттықта шетел валютасын сатып алды. Оның жалпы сомасы 250 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 6%-ын құрады. Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде ұзақмерзімді кезеңде нақты кіріс алуды және оның сақталуын қамтамасыз етуді басты назарда ұстайды. Осыған байланысты валюта нарықтық конъюнктураға байланысты сатып алынады. Бұл ретте, осы мақсатта маусымда валютаны сатып алу көлемі 250 млн АҚШ долларынан аспайды.

Транспаренттілік қағидаты аясында Ұлттық Банк валюта нарығында жүргізілетін операциялар туралы толық ақпаратты ашып көрсете береді. Қысқамерзімді перспективада теңгенің динамикасы нарыққа қатысушылардың күтулеріне, тоқсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты болады. Ұлттық Банк теңгерімсіздіктің жинақталуына жол бермейтін және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін қолайлы бағам белгілеу режимін ұстана береді.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)